

Оңтайландыруға және автоматтандыруға жататын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесін және оларды электрондық нысанға ауыстыру мерзімдерін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 қыркүйектегі № 991 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған оңтайландыруға және автоматтандыруға жататын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесі және оларды электрондық нысанға ауыстыру мерзімдері бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **С. Ахметов**

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 23 қыркүйектегі
№ 991 қаулысымен
бекітілген

Оңтайландыруға және автоматтандыруға жататын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесі және оларды электрондық нысанға ауыстыру мерзімдері

Р / с №	Мемлекеттік атауы	көрсетілетін қызметтің	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті оңтайландыруға және	Оңтайландыру мен автоматтандыру және оларды электрондық

		автоматтандыруға жауапты орталық мемлекеттік орган	нысанға ауыстыру мерзімдері
1	2	3	4
1.	Мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервіне қою	МҚІА	2014
2.	Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын келісу	МҚІА	2014
3.	Тестілеу	МҚІА	2014
4.	Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға қабылдау	МҚІА	2014
5.	Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу туралы куәлік беру	СДША	2014
6.	Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық қамсыздандыруды төлеу	СДША	2014
7.	«Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» құрметті атағы, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» құрметті атағы, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының спорт шебері, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі, ұлттық спорт төрешісі спорттық атақтары мен санаттарын беру	СДША	2014
8.	Казино қызметімен айналысу үшін лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	СДША	2015
9.	Ойын автоматтары залы қызметімен айналысу үшін лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	СДША	2015
10.	Букмекер кеңсесі қызметімен айналысу үшін лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	СДША	2015
11.	Тотализатор қызметімен айналысу үшін лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	СДША	2015
12.	Лотереяларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	СДША	2015
13.	Магистральдық газ құбыржолдарын, мұнай құбыржолдарын, мұнай өнімдері құбыржолдарын пайдалану жөніндегі қызметке лицензиялар беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ТМРА	2015

14.	Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметке лицензиялар беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ТМРА	2015
15.	Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру	БП	2015
16.	Тауарларды жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізу	ҰҚК	2013
17.	Ақпараттарды криптографиялық қорғау құралдарына тауарларды жатқызу мәніне техникалық зерттеу жүргізу	ҰҚК	2013
18.	Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия беру, оны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ҰҚК	2015
19.	Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге және өткізуге (оның ішінде өзге де беруге) лицензия беру, оны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ҰҚК	2015
20.	Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызмет көрсетуге лицензия беру, оны қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ҰҚК	2015
21.	Арнайы техникалық құралдарды әкелуге және әкетуге қорытынды (рұқсат беретін құжат) беру	ҰҚК	2015
22.	Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарларды әкелуге немесе әкетуге (рұқсат беретін құжат) қорытынды беру	ҰҚК	2015
23.	Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарлардың сипаттамасы туралы нотификацияларды тіркеу	ҰҚК	2015
24.	Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу	ІМ	2015
25.	Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару	ІМ	2015
26.	Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру	ІМ	2015
27.	Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тіркеу	ІМ	2015
28.	Ауыл шаруашылығы министрлігі беретін куәліктерді қоспағанда, азаматтарға жүргізуші куәліктерін беру	ІМ	2015
29.	Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асыратын тіркеуді қоспағанда, көлік құралдарын сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу	ІМ	2013
30.	Тұрғылықты жерінен мекенжай анықтамасын беру	ІМ	2015

31.	Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркейтін көлік құралдарын қоспағанда, автокөлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу және нөмірлік тіркеу белгілерін беру	ПМ	2015
32.	Шығу визаларын ұзарту және беру	ПМ	2014
33.	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу үшін құжаттар ресімдеу	ПМ	2014
34.	Күзет қызметімен айналысу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру	ПМ	2015
35.	Жеке істері бойынша және отбасын біріктіру мақсатында Қазақстан Республикасына кіруіне шақыруларды ресімдеу	ПМ	2014
36.	Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және олардың тіркеу құжатына өзгерістер енгізу	ДСМ	2015
37.	Балалар тамағы өнімдерін, тағамға тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, бояғыштарды, дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдарын, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу	ДСМ	2015
38.	Медициналық технологияларға клиникалық зерттеу жүргізуге рұқсат беру	ДСМ	2014
39.	Біліктілік санатын бермей, маман сертификатын беру	ДСМ	2015
40.	Біліктілік санатын бере отырып, маман сертификатын беру	ДСМ	2015
41.	Медициналық ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік беру	ДСМ	2013
42.	Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін жеке тұлғаларды аккредиттеу туралы куәлік беру	ДСМ	2013
43.	Қазақстан Республикасында тіркелген және тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы әкелуді/әкетуді келісу	ДСМ	2015
44.	Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиалық сарапшыларын аттестаттау	ДСМ	2013
45.	Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиалық сараптамасының белгілі түрін өндіру құқығына біліктілік беру	ДСМ	2013
46.	Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау объектісінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар беру	ДСМ	2015

47.	Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беру	ДСМ	2015
48.	Жобаларға, өнімге, жұмыстар мен қызметтерге санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру	ДСМ	2015
49.	Аудан орталықтарынан шалғайдағы елді мекендерде фармацевтикалық білімі бар маман болмаған жағдайда дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды бастапқы медициналық-санитариялық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәріхана пункттері арқылы және жылжымалы дәріхана пункттері арқылы өткізуді іске асыру үшін медициналық білімі бар мамандарды аттестаттау	ДСМ	2013
50.	Медициналық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру	ДСМ	2015
51.	Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың өндірісіне байланысты фармацевтикалық қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ДСМ	2015
52.	Денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ДСМ	2015
53.	Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы жарнамалауға рұқсат беру	ДСМ	2015
54.	Биологиялық белсенді заттарға клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізуге рұқсат беру	ДСМ	2013 - 2014
55.	Фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеулер және (немесе) сынаулар жүргізуге рұқсат беру	ДСМ	2013 - 2014
56.	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркеу	ДСМ	2015
57.	Дәрігердің қабылдауына жазылу	ДСМ	2015
58.	Дәрігерді үйге шақыру	ДСМ	2015
59.	Көмірсутек шикізатын және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу	ИЖТМ	2014
60.	Көмірсутек шикізатын және кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісімшарттарды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу	ИЖТМ	2013

61.	Экспорттық бақылауға жататын өнімнің транзитіне рұқсат беру	ИЖТМ	2013
62.	Кепілдік міндеттемені (түпкі пайдаланушының сертификатын) беру	ИЖТМ	2015
63.	Экспорттық бақылауға жататын өнімге тауарларды, технологияларды, жұмыстарды, қызметтерді, ақпаратты жатқызу туралы қорытынды беру	ИЖТМ	2015
64.	Сәйкестікті растау, аккредиттеу, тауардың шығарылған елін, Кеден одағы тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау	ИЖТМ	2015
65.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау үшін лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
66.	Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
67.	Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
68.	Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
69.	Иондаушы сәулені өндіретін аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
70.	Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
71.	Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
72.	Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, радиоизотопты иондаушы сәуле көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
73.	Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарында жүргізілген ядролық сынақтардың нәтижесінде ластанған және басқа да аумақтардағы қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
	Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға		

74.	лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
75.	Ядролық және радиоактивті қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
76.	Тау-кен, пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
77.	Уларды өндіру, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
78.	Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарак пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру	ИЖТМ	2015
79.	Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
80.	Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнаулы құралдарды жою (жою, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
81.	Тауарлардың, оның ішінде экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспорты мен импортына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензия телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015
82.	Өнімді Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде қайта өңдеуге рұқсат беру	ИЖТМ	2015
83.	Химиялық өнімдерді тіркеу және есепке алу	ИЖТМ	2015
84.	Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге арналған келісімшарттарды тіркеу	ИЖТМ	2015
85.	Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге, жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу	ИЖТМ	2013
86.	Заңды тұлғалардың түсті және кара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі және өткізу жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	ИЖТМ	2015

87.	Қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды жобалауды және салуды келісу	ИЖТМ	2013
88.	Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу	ИЖТМ	2013
89.	Тұтынушылардың белгіленген қуаты 100 кВт жоғары электрлік қондырғыларды электр желілеріне қосуына рұқсат беру	ИЖТМ	2015
90.	Тарату қорын пайдалануға рұқсат беру	ИЖТМ	2014
91.	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда, барлауды, өндіруді жүргізу немесе барлауға немесе өндіруге байланысты емес жер асты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану үшін берілген жер қойнауын пайдалану учаскелеріне сервитуттарды тіркеу	ИЖТМ	2014
92.	Бағалы металдармен, олардан жасалған бұйымдарды қоспағанда, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларымен операцияларды жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді арнайы есепке қою туралы анықтаманы беру	ИЖТМ	2013
93.	Қазақстан Республикасының аумағында құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық орынсыздығы немесе мүмкін еместігі туралы қорытындыны беру	ИЖТМ	2013
94.	Қазақстан Республикасында шикізат тауарларынан бағалы металдарды өнеркәсіптік алудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) және экономикалық орындылығы (орынсыздығы) туралы қорытындыны беру	ИЖТМ	2013
95.	Кеден одағы аумағының шегінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы геологиялық ақпаратты шығаруға рұқсат беру	ИЖТМ	2015
96.	Туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен және туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімінен үзінді беру	ИЖТМ	2014
97.	Туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызметке) лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру	ИЖТМ	2015
98.	Туристік ақпарат, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат беру	ИЖТМ	2014
99.	Өлшеу құралдарының типін бекіту сертификатын беру	ИЖТМ	2013
100.	Энергетикалық сараптамаларды өткізетін ұйымды аккредиттеу	ИЖТМ	2013
101.	Электрлік зертханаларды аккредиттеу	ИЖТМ	2013
102.	Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігі паспортын	ИЖТМ	2013

103.	Энергетикалық ұйым басшылары мен мамандарын аттестаттау	ИЖТМ	2013
104.	Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы аккредиттеу	ИЖТМ	2013
105.	Мерзімді баспасөз басылымдарын және ақпарат агенттіктерін есепке қою	МАМ	2015
106.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағаттарынан шығатын және шетелге жіберілетін мұрағаттық анықтамалар мен мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін апостильдеу	МАМ	2015
107.	Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу	МАМ	2015
108.	Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу	МАМ	2015
109.	Мұрағаттық анықтамалар беру	МАМ	2015
110.	Теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу	МАМ	2015
111.	Отандық теле-, радиоарналарды есепке қою, қайта есепке қою	МАМ	2015
112.	Фильмге прокаттау куәлігін беру	МАМ	2015
113.	Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру	МАМ	2015
114.	Мәдениетке және тарихи ескерткіштерге ғылыми қалпына келтіру жұмысын жүргізуге келісу	МАМ	2013
115.	Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығының кепіл шартын тіркеу	МГМ	2014
116.	Көмірсутегі шикізаты бөлігінде жер қойнауын пайдалануға келісім-шартты тіркеу	МГМ	2014
117.	Ұңғымалар объектілерін сынау, кен орнын сынамалы пайдалану, технологиялық жабдықты іске қосу-баптау, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жағдайында газды технологиялық еріксіз жағу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға рұқсат беру	МГМ	2016
118.	Теңіз құрылыстарын салуға немесе орналастыруға рұқсат беру	МГМ	2016
119.	Теңізде іздестіру, барлау, қолдану кезіндегі ұңғыманы немесе басқа да ұңғыманы бұрғылауға рұқсат беру	МГМ	2016
120.	Қойнау-катішілік қысымды қолдау үшін ілеспе және табиғи газды бастырмалатуға рұқсат беру	МГМ	2016
121.	Теңізде мұнай-газ құбырларын салуға, монтаждауға немесе тартуға рұқсат беру	МГМ	2016
	Тау-кен (пайдалы қазбаларды барлау, өндіру), мұнай-химия, химия өндірістерін жобалауға (

122.	технологиялық) және (немесе) пайдалануға, мұнай-газ өңдеу өндірістерін жобалауға (технологиялық), магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	МГМ	2015
123.	Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу	МГМ	2013
124.	Жеңілдіктері бар адамдарға (Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюшыларға, интернационалист жауынгерлерге) анықтамалар беру	Қорғанысмині	2013
125.	Әскери қызметін өткеруді растау туралы анықтама беру	Қорғанысмині	2013
126.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық мұрағатынан шығатын мұрағаттық анықтамаларға және мұрағаттық құжаттардың көшірмелеріне апостиль қою	Қорғанысмині	2014
127.	Азаматтың әскери қызметке қатыстылығы туралы анықтамалар беру	Қорғанысмині	2015
128.	Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою	БҒМ	2015
129.	Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) және жетім баланы (жетім балаларды), асырау қамқоршысын немесе қорғаншысын анықтау үшін құжаттар қабылдау	БҒМ	2013
130.	«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына құжаттар қабылдау және тағайындау	БҒМ	2015
131.	«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау	БҒМ	2013
132.	Білім беру туралы құжаттарды тану және нострификациялау	БҒМ	2015
133.	Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама өткізуге арналған құжаттарды қабылдау	БҒМ	2015
134.	Білім беру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру	БҒМ	2015
135.	Қазақ тілін білу деңгейін бағалауға (ҚАЗТЕСТ) құжаттарды қабылдау және қатысу	БҒМ	2014
136.	Жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру	БҒМ	2015
137.	Жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру	БҒМ	2015
138.	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру	БҒМ	2015
139.	Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	БҒМ	2014
140.	Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру	БҒМ	2015

141.	Жоғары және жоғары оқудан кейінгі білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	БҒМ	2015
142.	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	БҒМ	2013
143.	Мектепке дейінгі білім беру	БҒМ	2015
144.	Балаларға қосымша білім беру	БҒМ	2015
145.	Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау	БҒМ	2013
146.	Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтандыру үшін құжаттар қабылдау	БҒМ	2013
147.	Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттарды қабылдау	БҒМ	2015
148.	Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтама беру	БҒМ	2012 - 2013
149.	Зейнетақы қорларына, банктерге кәмелетке толмағандардың салымдарына иелік ету үшін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар беру	БҒМ	2015
150.	Кәмелетке толмағандарға меншік құқығында тиесілі мүлікпен мәмілелерді ресімдеу үшін қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың анықтамаларын беру	БҒМ	2015
151.	Қазақстан Республикасының білім, ғылым органдарынан және оқу орындарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	БҒМ	2015
152.	Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру	БҒМ	2015
153.	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарын денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқыту	БҒМ	2015
154.	Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау	БҒМ	2014
155.	Жоғары оқу орындарында жоғары білім беру	БҒМ	2013
156.	Жоғары оқу орындарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	БҒМ	2014
157.	Техникалық және кәсіптік, орта оқудан кейінгі білім беру	БҒМ	2015
158.	Білім беруге гранттарды тағайындау, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	БҒМ	2015

159.	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру	Қоршағанортaмині	2015
160.	Озон қабатын бұзатын заттарды және құрамында сондай заттар бар өнімдерді экспорттауға және импорттауға лицензия беру, лицензия телнұсқасын беру	Қоршағанортaмині	2015
161.	Озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып, жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру	Қоршағанортaмині	2015
162.	I санат объектілері үшін экологиялық рұқсат беру	Қоршағанортaмині	2015
163.	I санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын беру	Қоршағанортaмині	2015
164.	Қауіпті қалдықтар паспорттарын тіркеу	Қоршағанортaмині	2015
165.	II, III және IV санат объектілері үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру	Қоршағанортaмині	2015
166.	I, III және IV санат объектілеріне мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру	Қоршағанортaмині	2015
167.	Ағаш және орман кесу билетін беру	Қоршағанортaмині	2013
168.	Жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде сирек санатқа жатқызылған және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру	Қоршағанортaмині	2015
169.	Құрып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктер түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге Қазақстан Республикасындағы әкімшілік органның рұқсатын беру	Қоршағанортaмині	2015
170.	Жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру	Қоршағанортaмині	2015
171.	Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру	Қоршағанортaмині	2013
172.	Бекітілген лимит негізінде жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюға квоталар бөлу	Қоршағанортaмині	2015
173.	Қазақстан Республикасының сыртқы нарығында бекіре балық түрлерінің уылдырығын сатуға арналған марканы бекіту және оны Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сатуға арналған марканы беру	Қоршағанортaмині	2014
174.	Жерсіндіруге рұқсат беру	Қоршағанортaмині	2015
175.	Су тарту құрылыстарының балық қорғау құрылғыларын орнатуды келісу	Қоршағанортaмині	2014
176.	Уылдырық шашу кезеңінде балық аулауға тыйым салынған, сондай-ақ балық аулауға тыйым салынған су айдындарында және (немесе) учаскелерінде су көлігі қозғалысының режимін келісу	Қоршағанортaмині	2013
177.	Жабайы фауна мен флораның құрып кету қаупі төнген түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның I және II–қосымшаларына түрлері енгізілген	Қоршағанортaмині	

	жануарларды жасанды өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды әкімшілік органда тіркеу		2013
178.	Дала кеміргіштерін жою кезінде, сондай-ақ жануарлардың құтыруы мен басқа да ауруының індеті жағдайларында улы химикаттарды қолдана отырып, жануарлар әлемі объектілерін аулауға келісу	Қоршағанортамині	2014
179.	Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы	Қоршағанортамині	2014
180.	Орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салуға пайдалануға рұқсат беру	Қоршағанортамині	2013
181.	Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын аумақтық бөлімшелерде мемлекеттік тіркеу	Қоршағанортамині	2013
182.	Табиғатты қорғау мекемелерінің учаскілерін қысқа мерзімге қолдануға рұқсат беру	Қоршағанортамині	2013
183.	Табиғатты қорғау мекемелерінің құрылыс объектілеріне учаскелерді ұзақ мерзімге пайдалануға рұқсат беру	Қоршағанортамині	2013
184.	Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және олардың кезегі	ӨДМ	2013
185.	Тұрғын үй көмегін тағайындау	ӨДМ	2015
186.	Жобалау қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру	ӨДМ	2015
187.	Іздестіру қызметіне лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру	ӨДМ	2015
188.	Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру	ӨДМ	2015
189.	Үлескерлердің ақшасын тарту есебінен тұрғын жайлар құрылысын ұйымдастыру жөніндегі қызметке лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияға телнұсқасын беру	ӨДМ	2015
190.	Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау жөнінде анықтама беру	ӨДМ	2016
191.	Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру	ӨДМ	2015
192.	Жер учаскесіне жеке меншік құқығына арналған актілерді ресімдеу және беру	ӨДМ	2013

193.	Тұрақты жер пайдалану құқығына актілерді ресімдеу және беру	ӨДМ	2013
194.	Уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына актілерді ресімдеу және беру	ӨДМ	2013
195.	Уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығына актілерді ресімдеу және беру	ӨДМ	2013
196.	Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта салуға (көшіруге) рұқсаттар беру	ӨДМ	2013
197.	Жер учаскесінің тиесілілігі туралы ақпарат беру	ӨДМ	2015
198.	Жер учаскесіне кадастрлық ақпарат беру	ӨДМ	2015
199.	Жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын дайындау туралы ақпарат беру	ӨДМ	2015
200.	Жер учаскесіне құқықтың алғаш берілуінің құқық белгілеуші құжаты туралы ақпарат беру	ӨДМ	2015
201.	Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту	ӨДМ	2015
202.	Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту	ӨДМ	2015
203.	Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру	ӨДМ	2015
204.	Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру	ӨДМ	2015
205.	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау	ӨДМ	2013
206.	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктер беру	АШМ	2013
207.	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды сенімхат бойынша басқаратын адамдарды тіркеу	АШМ	2014
208.	Нөмірлік тіркеу белгілерін бере отырып, тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтажалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды тіркеу, қайта тіркеу	АШМ	2013

209.	Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналардың кепілін тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру	АШМ	2014
210.	Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін басқару жүйелерін субсидиялау	АШМ	2014
211.	Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған кредиттер (лизинг) бойынша сыйақы ставкасын өтеу бойынша субсидиялау	АШМ	2014
212.	Пестицидтерді (улы химикаттарды) мемлекеттік тіркеу	АШМ	2015
213.	Ветеринариялық препараттарға, оларды мемлекеттік тіркей отырып (қайта тіркеу) тіркеу куәлігін беру	АШМ	2015
214.	Жөмшөп пен жөмшөп қоспаларына, оларды мемлекеттік тіркей отырып тіркеу куәлігін беру	АШМ	2015
215.	Астықты экспорттаушыға мемлекеттік астық ресурстарына астықты жеткізу бойынша міндеттемелерді астықты экспорттаушының сақтауы туралы растаманы беру	АШМ	2013
216.	Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру	АШМ	2015
217.	Экспорттаушы елдердің құзыретті органдары импортталған асыл тұқымды өнімге (материалға) берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған барабар құжатты тану	АШМ	2013
218.	Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру	АШМ	2015
219.	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге Қазақстан Республикасының ішінде қолданылатын және экспортқа арналған ветеринариялық сертификат беру	АШМ	2015
220.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасы аумағында алып өтуге карантиндік сертификаттар беру	АШМ	2015
221.	Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификаттар беру	АШМ	2015
222.	Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беру	АШМ	2015

223.	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау өткізу	АШМ	2013
